

“КазАвтоЖол ҮК” АҚ облыстық филиалының бұрынғы директоры Аскар Жанкин “К-Дорстрой” АҚ бас директорының орынбасары Серік Рамазановтан делдал А.Луценко арқылы пара алып жатқан жерінде ұсталған болатын. Биылғы жылдың ақпан айынан бері уақытша ұстау изоляторында отырған күдіктіге қатысты сот отырысы басталды. [buy cialis ebay](#)
[cialis buy generic levitra](#)
[fake generic cialis](#)
[buy cialis brisbane](#)
[cheap real cialis](#)
[price of cialis](#)
argaiv1797

Аскар Жанкиннің өз кінәсін толық мойындауына байланысты қорғаушысы істі қысқартылған тәртіппен қарауды ұсынды. Судья бұл отінішті қанағаттандырды, енді сот залында куәгерлерден жауап алынбайды. Есесіне Аскар Жанкин ақпанның 23-і күні орын алған қылмыстық оқиғаның қалай болғанын толық баяндап берді.

Мердігер компания “К-Дорстрой” АҚ-ы Қызылжар ауданының 948-ші шақырымында орналасқан “У Ксюши” дәмханасының маңында байқау эстакадасын және демалыс күресін орнатып, “Лана” дәмханасынан “Оңтүстік” бакылау бекетіне дейінгі жолға қоршау тұрғызуы керек болатын. Бірақ бұл жұмыстар орындалмаған. Кезекті тексеріс барысында тапсырыстың орындалмағанына көзі жеткен күдікті жауапты азаматтарға хабарласады. Осылайша, аталған нысандар бой көтермесе де, бұған қоз жұма қарап, ақша таппақ болады.

Аскар Жанкиннің қорғаушысы Дәулет Оміралин судьядан жазаны айыппұл ретінде тағайындауды сұрады. Ал егер сот шешімі бойынша күдіктіге айыппұл тағайындалса, онда ол қазынаны 120 млн. теңгемен толтыратын болады. Алайда, судьяның қандай шешім шығаратыны әлі белгісіз. Келесі сот отырысы 10 тамызға белгіленді. Бұл іске қатысы бар Серік Рамазанов пен делдалдың ролін атқарған А.Луценкоға қатысты да қылмыстық іс қозғалғанын айта кеткен жөн.

Орынбасар ТОЛЕПБЕРГЕНКЫЗЫ,

“Солтүстік Қазақстан”.